




ҚАШАҒАН КЕН ОРНЫ

Орындаған: Құдайбергенов Ш.



Жалпы түсінік

Қашаған — Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан әлемдегі ірі мұнай және газ кен орны. Ол Атырау қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 80 км жерде орналасқан. Қашаған 75 км x 45 км аумақты алып жатыр. Қашаған соңғы 40 жылда табылған әлемдегі ең ірі кен орны болды. Кен орнының коллекторы Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде теңіз түбінен 4200 метрдей тереңдікте жатыр.


Соңғы зерттеу деректеріне сәйкес, кен орынның мұнай қоры 9–13 миллиард баррель мұнайды құрайды. Мұнай кен орны шетелдік компаниялардан құралған North Caspian Operating Company (NCOC) халықаралық консорциумы Өнімді бөлісу туралы келісім арқылы игерілуде. Консорциумға Eni(16,81%), «ҚазМұнайГаз» (16,87%), Total (16,81%), Royal Dutch Shell (16,81 %), ExxonMobil (16,81%), CNPC (8,33%), INPEX (7,56%) компаниялары кіреді.



- Кен орынды игеру қиындығы коллектордың физикалық ерекшеліктерімен – жоғары қабат қысымы және қабатты флюидтегі күкіртті сутектің жоғары мөлшері, сондай-ақ кеннің географиялық орналасуымен шартталған – қыс уақытында мұз болып қалатын Каспий теңізінің таяз су қайраны. Кен орынның аса күрделілігіне және оны игеру үшін бірегей техникалық және қаржылық шешімдер талап етілетініне байланысты 1997 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен ұқсас мұнай-газ кен орындарды игеруде үлкен тәжірибесі бар халықаралық ірі компаниялардың өкілдерінен құрылған ОКИОК (Offshore Kazakhstan International Operating Company N.V.) халықаралық консорциумы арасында Өнім бөлісу туралы келісім (ӨБК) жасалды. 2001 жылы ОКИОК консорциумының функциялары Agip КСО компаниясына, ал 2008 жылы – жаңа Оператор – NCOC компаниясына (North Caspian Operating Company) берілді.



Кен орынның геологиясы



- Қашаған кен орнынан бөлек консорциум қосымша он бір блокті игеруде. Олар Ақтоты, Қайран және Қаламқас. Мұнайды өндіру жасанды аралдар арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі күнге төрт жасанды арал құрастырылып, шамамен 37 ұңғыма бұрғыланған.
- Мына суретте кен орынның стратиграфиясы сипатталған.

Тарихы

- Каспийдің солтүстігінде жатқан Қашаған кен орыны «Восток-1» ұңғысымен 2000 жылы ашылды.
- Каспийдің солтүстік жобасы Agip КСО консорциумымен іске асырылып жатыр. Оның құрамына 18,52% үлесі бар Eni (жобаның ортақ операторы), Total, ExxonMobil, Royal Dutch Shell, 9,26% үлесіне ие ConocoPhillips, және 8,33% үлесі бар Inpex және «ҚазМұнайГаз» компаниялары кіреді.
- Қазақстан үкіметі Қашаған жобасында операторлық қызметін атқарған итальяндық Eni компаниясының жұмысына қанағаттанбады. Бұған кен орнына қатысты жасалған жаңа сметалық құжат себеп болды. Онда шығын көлемі \$57 млрд тан \$136 млрд дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ, өнім өндіре бастау мерзімі 2008-2010 жылға ауыстырылды.
- Кейін, Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау ведомствосы Қашаған кен орынын пайдалану рұқсатын тоқтатты. Ресми мәліметтер бойынша, мұндай шешім Agip КСО консорциумының республикалық табиғатты қорғау заңдарын орындамағаны үшін қабылданған.
- Үш айлық келіссөздердің нәтижесінде 2007 жылдың 3 желтоқсанында «ҚазМұнайГаз» Қашаған консорциумымен өзара түсіністік жөнінде хаттамаға қол қойып, онда жобаны іске асыру уақыты және шығындар көлеміне қатысты мәселенің қайта қаралатыны көрсетілді.
- Құжат бойынша 20 желтоқсанда барлық компаниялар, өздерінің үлесіндегі бір бөлікті «ҚазМұнайГаз» компаниясына тапсыру және оның операциялық қызметіндегі ролін көтеру жөнінде келіссөздерді аяқтауы тиіс болатын.
- Сөйтіп, Қашағанға қатысушы компаниялар ENI, Total, Shell және ExxonMobil-дің үлес салмағы — «ҚазМұнайГазбен» бірдей 16,8%-дықұрайды. Қазақстан компаниясы шетелдік компаниялардан акцияны сатып алғаны үшін 1,78 миллиард доллар төлейтін болады.



Жобаның құны

- «Бүгінде Қашағандағы инвестициялар көлемі 55 миллиард доллардан асады», - дейді «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» компаниясының басқарушы директоры Б.В. Бруно Джарден.



Болашаққа қойылған жоспарлар мен мақсаттар

- Қазіргі уақытта «Қашаған» кенішінен «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғысына тәулік сайын 100-120 мың баррель көлемінде мұнай жеткізіледі. Мұнда мұнай құрамы газ, күкірт, меркаптан секілді түрлі қоспалардан тазартылады. «Болашақ» кешенді қондырғы аталғанмен, оның ірі зауыттан еш айырмасы жоқ. Зауыт тектес қондырғының ұзындығы да едәуір. Оның құрылысына салынған инвестицияның көлемін айтар болсақ, 23,9 млрд АҚШ долларын құрайды. Қазір мұнда 400 адам еңбек етеді. Ал ірі қондырғының қуаты тәулігіне 450 мың баррель мұнайды өңдеуге жетеді. Сонымен бірге, мұнда 6,2 млрд текше метр газ, 1 млн тонна күкірт тауарлық шикізат ретінде дайындалады. Мұнда 4 млн тоннаға дейін күкіртті сақтауға болады. Елбасына «Болашақ» қондырғысының операторы Б.Сабыровтың баян еткеніндей, кешенді қондырғыда теңіз нысандарынан берілетін көмірсутегілер тауарлық қалыпқа дейін өңделеді. «Болашақ» мамандары 14 қазанда шикі мұнайдың алғашқы партиясын экспортқа ойдағыдай жөнелткен екен. Бүгінгі таңда 600 мың тоннадан астам мұнай, 400 млн текше метр тауарлы газ өңделіпті.

– «Қашаған» кен орнының ашылуы соңғы 50 жылда әлемдік энергетика саласындағы ең елеулі оқиға болды. Онда 4,5-тен 5,5 млрд тоннаға дейінгі мөлшерде мұнай және 3 трлн текше метрдей газ қоры бар деп жобалануда. «Қашаған» қазақстандықтардың игілігін еселей түсетін тағы бір ірі жоба болып саналады. Баршаңызды осы кен орнының іске қосылуымен құттықтаймын, – деді Елбасы өңірде іске асырылып жатқан ірі жобалардың барысымен танысқаннан кейін. – «Қашаған» Қазақстан мен ірі әлемдік мұнай компанияларын ортақ мақсатқа жұмылдыра алды. «Эни», «Тоталь», «ЭксонМобил», «Шелл», Қытайдың ұлттық мұнай-газ корпорациясы, «Инпекс» біздің елге бай тәжірибесі мен білімін ала келді. 2005 жылдан бері сатып алынған тауар, атқарылған жұмыс және қызмет көрсету ісіндегі Қазақстанның үлесі 12,7 млрд доллар болып, 30 пайызға жетті, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. – Теңіз операциясына қолдау көрсету флотының базасы, сондай-ақ мұнай төгілген кезде жұмыс жүргізетін экологиялық база құрылды. Осылайша, біз кен орындарын пайдаланудың қарқынды кезеңіне көштік.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ

